

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

28 ақпан 2017 жыл

KASE бірінші шетелдік брокер – "УНИВЕР Капитал" ЖШҚ қабылдады

"УНИВЕР Капитал" ЖШҚ (УНИВЕР) "қор" және "деривативтер" санаттары бойынша "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) мүшелігіне қабылданған бірінші шетелдік брокерлік компаниясы болды.

"Қор" санаты бойынша мүшелік, Биржада айналысқа жіберілген (саудаланатын) бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттықтарына, және "деривативтер" санаты бойынша мүшелік туынды қаржы құралдарының биржалық сауда-саттығына қатысуға құқық береді.

УНИВЕР компаниясы 1995 жылдан бастап қор нарығында инвестициялық қызмет ететін "УНИВЕР" Инвестициялық тобына кіреді. Компания "Мәскеу биржасы" КАҚ, "Санкт-Петербург биржасы" КАҚ және "Ұлттық тауарлы биржасы" АҚ сауда-саттықтарына қатысушы болып табылады.

"Биржа шетелдік брокерлерді тартуға және қазақстандық нарықтың инвесторлық базасын кеңейтуге мүдделі. Бұл оқиға қазақстандық қаржы құралдарының ЕАЭО шегінде қатысуын ұлғайтуға себептеседі.

2016 жылдың қараша айында, ТМД мүшелік ететін елдердің мемлекеттік капиталының 100% қатысуымен халықаралық банктік есеп айырысулар және несиелік институты болып табылатын, Мемлекетаралық банк KASE мүшелігіне "қор" санаты бойынша қабылданды. KASE тарихындағы бірінші шетелдік мүшесі "Промсвязьбанк" КАҚ болған, ол 2010 жылдың қараша айында "валюталық" санаты бойынша мүшелік ие болды", – деді өз сөзінде KASE Басқармасының Төрайымы Алдамберген А.Ө.

####

Анықтама үшін

"УНИВЕР Капитал" ЖШҚ – қор нарығында инвестициялық қызметін 1995 жылдан бастап жүзеге асырады. Компанияның жеке сенімділік рейтингі 2016 жылдың қыркүйек айында Ұлттық рейтингілік агенттікпен берілген, "AA-" деңгейінде, болжамы "тұрақты".

Эксперт РА мәліметтері бойынша 2016 жылы УНИВЕР несиеге қабілеттілік рейтингі "А" (несиеге қабілеттіктік жоғарғы деңгейі (ұзақ мерзімді несиеге қабілеттілік) болжамы тұрақты).

"Мәскеу биржасы" КАҚ мәліметтеріне сәйкес, 2016 жылдағы клиенттік операциялардың көлемдері бойынша қор нарығының жетекші операторларының ТОП-10 кіреді.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz